

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ



МИНИСТЕРСТВО
НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ТЕСТИРОВАНИЯ»

010000, Астана қаласы, Есіл ауданы,
Шұбар тұрғын үй алабы, Родниковый көшесі, 1/1 ғим.
тел: 8 (7172) 69-51-00, 69-52-67
e-mail: uto@testcenter.kz

010000, город Астана, район Есиль,
жилой массив Шұбар, ул. Родниковый, зд. 1/1
тел: 8 (7172) 69-51-00, 69-52-67
e-mail: uto@testcenter.kz

Жоғары оқу орындарының басшыларына

Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары білім басқармаларының басшыларына

Ұлттық тестілеу орталығы филиалдарының қызметшілеріне

*Ұлттық бірыңғай тестілеу
қатысушыларының деректер базасын
қалыптастыру бойынша нұсқаулық
хат*

Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі - Орталық) су тасқыны бойынша төтенше жағдай жарияланған өңірлердегі (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары) ағымдағы жылғы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін 2024 жылғы 25 мамыр мен 12 шілде аралығында, ал қалған қатысушылар үшін 2024 жылғы 16 мамыр мен 5 шілде аралығында ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) өткізілетінін хабарлайды.

ҰБТ келесі тұлғалар үшін өткізіледі:

- 1) орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілеріне;
- 2) орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;
- 3) жоғары білімнің қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;

2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы ҚР Заңының 7-бабы 1 тармағына сәйкес қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған. Осы құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года № 370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе



4) шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға;

5) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдау үшін ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижелері жойылған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар тұлғаларды күнтізбелік жылы ақылы негізде одан әрі қабылдау үшін өткізеді.

Аталған мерзімдегі ҰБТ нәтижесі бойынша түсушілер білім беру грантын тағайындау конкурсына қатыса алатынын немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы түрде оқуға түсе алатынын атап өтеміз.

1. Өтініш беру мерзімі бойынша:

Су тасқыны бойынша төтенше жағдай жарияланған өңірлердің ағымдағы жылғы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері «ҰБТ қатысушыларының деректер базасына» (бұдан әрі – ДБ) тіркелу үшін өтінішті 2024 жылғы 6 мен 20 мамыр аралығында онлайн түрде Орталықтың сайты арқылы келесі сілтеме бойынша береді: <https://app.testcenter.kz/>. Осы аралықта тестілеуге 2 (екі) рет өтініш беруге мүмкіндік беріледі. Бұл ретте, екінші мүмкіндікке тіркелу 14 мамырдан басталады.

Су тасқыны бойынша төтенше жағдай жарияланған өңірлердің ағымдағы жылғы орта білім беру ұйымдарының бітірушілерін есепке алмағандағы басқа түсушілер ДБ-на тіркелу үшін өтінішті 2024 жылғы 6 мен 14 мамыр аралығында онлайн түрде Орталықтың сайты арқылы келесі сілтеме бойынша береді: <https://app.testcenter.kz/>. Осы аралықта тестілеуге 2 (екі) рет өтініш беруге мүмкіндік беріледі. Бұл ретте, екінші мүмкіндікке тіркелу 11 мамырдан бастап қолжетімді болады.

2. Өтініш беру рәсімі бойынша:

1) <https://app.testcenter.kz/> сайтына кіру және интерфейс тілін таңдау;

2) электрондық поштаны көрсете отырып, тіркеуден өту (электрондық поштаға келген хат арқылы міндетті түрде электрондық поштаны растау қажет) (*Ескерту: егер түсуші алдында Орталықтың бұл сайтына тіркелген болса, онда ол өтінішті өзінің «жеке кабинеті» арқылы бере алады. Ол үшін «Кіру» батырмасын басып, логин мен парольін енгізеді;*

3) алынған логин мен пароль арқылы авторизациядан өту (логин мен пароль бар хатты ағымдағы жылдың соңына дейін жоюға болмайды);

4) ЖСН көрсету және іздеу батырмасын басу (тегі, аты және әкесінің аты автоматты түрде шығады) және қолданыстағы жеке өзінің байланыс телефоны нөмірін көрсету (міндетті түрде). Ағымдағы жылғы мектеп бітірушілері үшін (18 жасқа толмаған) ата-анасының немесе заңды өкілінің ТАӘ және қолданыстағы байланыс телефонын міндетті түрде енгізу (*Ескерту: ЖСН-ы жоқ шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдар (Қандастар) «ҚР ЖСН-ы жоқ» батырмасын таңдайды және келесі мәліметтерді енгізеді:*

- ТАӘ (кирил жазуымен);

- ұлты;

- азаматтығы;

- туган күні;

- құжат нөмірі;

- байланыс телефоны.

«Сақтау» батырмасын басу керек, осы іс-әрекеттер орындалғаннан соң ҰБТ-ға тіркелу

2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы ҚР Заңының 7-бабы 1 тармағына сәйкес қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған. Осы құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года № 370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе



үшін 12 сандық код тағайындалады);

5) «Өтініш беру» бөлімін таңдап, қатысушы санатын көрсету;

6) қажетті тіркеу деректерін толтыру және келесі мәліметтерді таңдау:

- шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаты (түрі (TOEFL ITP, TOEFL IBT, TOEFL PBT, IELTS), балы, тест тапсыру күні) (бар болған жағдайда);

- оқу орны;

- тапсыру тілі;

- бейіндік пәндер комбинациясы (Ескерту: түсуші бейіндік пәндер комбинациясын таңдаған кезде 1-ші және 2-ші мүмкіндікте бірдей пәндерді көрсетуі қажет, яғни екі мүмкіндікте де бейіндік пәндер комбинациясы бірдей болады);

- SAT, ACT, IB, A Level сертификаттары мәліметі (Ескерту: SAT, ACT, IB, A Level халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар ҰБТ-ға өтініш беру кезінде сертификаттың түрін таңдап, балы мен тапсыру күнін енгізіп, көшірмелерін жүктейді);

- тестілеу күні, уақыты және орны;

- ерекше қажеттілігі бар адамдар (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) туралы мәлімет (Ескерту: ерекше мәртебесін растайтын құжатын («Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген) жүктейді, сонымен қатар қажет болған жағдайда "көмекші қажет" белгісін таңдайды).

7) тестіленушінің келісімімен және міндеттемесімен, сондай-ақ 18 жасқа толмаған ағымдағы жылғы мектеп бітірушілері үшін ата-анасының немесе заңды өкілінің осы келісімдегі тармақтарымен мұқият танысу;

8) орта білім беру ұйымдарының 2024 жылғы бітірушілері тестілеуді екі рет тегін тапсырады;

9) орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілерін қоспағанда, тестілеу үшін қалаған төлем әдісін таңдау және төлем жасау. Тестілеу құны – 5 640 теңге. Тестілеуге қатысу үшін төлемді келесі тәсілдермен жүзеге асыруға болады:

- Kaspi.kz-пен төлеу арқылы онлайн (Kaspi.kz-пен төлеуді таңдаған кезде QR-кодпен немесе тапсырыс нөмірін қалыптастырып, қосымша немесе Kaspi.kz сайты арқылы төлеу қажет) (Ескерту: Төлемді тапсырысты қалыптастырғаннан кейін 1 сағат (60 минут) ішінде жасау керек, белгіленген уақытта жасамаған жағдайда, өтініш жойылады. Орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілеріне тестілеуді тегін тапсыруға мүмкіндік беріледі, мәліметтері Ұлттық білім беру деректер қорымен (ҰБДҚ) сәйкестендіріледі).

10) «Менің іс-әрекетім» бөлімінде төлем жасағаннан кейін, қажет болған жағдайда өтінішке өзгеріс енгізуге мүмкіндік беріледі.

3. ҰБТ-ға қатысу үшін төленген ақшалай қаражатты қайтару бойынша:

Түсуші тестілеуге қатысудан бас тартқан жағдайда өтініш беру деректер базасы жабылғанға дейін (ағымдағы жылғы 14 мамырға дейін) жеке кабинетінен өзінің өтінішін өшіруі қажет. Бұл жағдайда тестілеу үшін төлем келесі құжаттарды uto@testcenter.kz электронды поштасына:

1) тестілеу үшін төлемді қайтару туралы түсушіден өтінішті;

2) тестілеуге қатысуға арналған төлем туралы түбіртекті;

3) жеке куәліктің көшірмесін;

4) төлем картасының көшірмесін (алдыңғы жағы);

2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы ҚР Заңының 7-бабы 1 тармағына сәйкес қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған. Осы құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года № 370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе



5) банктің реквизиттерін көрсете отырып, 20 таңбалы есепшотын ұсынған кезде қайтарылады.

Сондай-ақ тестілеу үшін төлем өтініштер қабылдау деректер базасы жабылғаннан кейін мынадай жағдайларда қайтарылады:

- егер тестіленуші бір тестілеу үшін бір кезеңде екі рет қателесіп төлем жасаса (қосарланған төлем);

- егер тестіленуші тестілеу үшін ақы төлеп, бірақ тестілеуге өтінішін бермесе;

- егер тестіленуші жақын туысының қайтыс болуына байланысты тестілеуге қатыспаса және растайтын құжаттарды ұсынса;

- егер тестіленуші денсаулығына байланысты емделуде немесе карантинде болса және осы бойынша растайтын құжаттарды (*№ 026/у нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы*) ұсынса;

- егер тестіленуші тергеуде болса немесе жол көлік оқиғасына ұшыраған болса және осы бойынша растайтын құжаттарды ұсынса.

Өзге жағдайларда тестілеу үшін төленген ақша қаражаты қайтарылуға жатпайтынын атап өтеміз.

4. Тестілеу туралы ақпарат алу бойынша:

Өтініш тіркелгеннен кейін тестілеуді тапсыру орны мен уақыты туралы ақпарат тестіленушінің жеке кабинетінде «Менің іс-әрекетім» бөлімінде қолжетімді болады. Тестілеу туралы ақпаратпен танысу үшін тестіленушінің өзі жауапты болып табылады.

Тестіленуші ҰБТ-ға қатысу үшін өтініш білдіріп, көрсетілген күні тестілеуге қатыспаған болса, тестілеу өткізілетін күндері аудиторияда орын болған жағдайда және келесі дәлелді себептер бойынша ҰБТ-ны өткізу кезеңінде келесі күндердің бірінде қатысу мүмкіндігі беріледі:

1) денсаулық жағдайы бойынша "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген *№ 026/у нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы* болған жағдайда;

2) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес айқындалған жақын туыстарының қайтыс болуын растайтын құжаттар тізбесі, болған кезде;

3) төтенше жағдайлар кезінде.

Бұл ретте электрондық форматтағы ҰБТ кезінде түсуші тиісті құжаттарын тіркей отырып Ұлттық тестілеу орталығы директорының атына ҰБТ-ны қайта тапсыруға өтініш береді.

Тестілеуге дәлелді себепсіз келмеген жағдайда осы мерзімдегі тестілеуге қайта өтініш беру мүмкін емес болып табылады (*Ескерту: Тестілеуге кіргізу оқуға түсушінің жеке басын сәйкестендіру үшін адамның бет-алпетін көлемді-кеңістіктік нысандағы сканер арқылы және тестіленушінің сыртқы келбетін жеке басын растайтын құжатпен салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Он алты жасқа толмаған адамдарда білім беру ұйымынан бірінші басшының қолымен және мөрімен расталған анықтама (фотосуретімен) және туу туралы куәлік болуы тиіс. Шетелде білім беру ұйымдарын бітірген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып*

2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы ҚР Заңының 7-бабы 1 тармағына сәйкес қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған. Осы құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года № 370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе



табылмайтын адамдардың паспорты болуы тиіс).

Орталық филиалдарының қызметкерлері, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары және ЖЖОКБҰ қабылдау комиссияларының жауапты хатшылары түсушілерді өтініш беру мерзімдерімен және алгоритмімен таныстырулары қажет.

Өтініштерді қабылдау туралы ұйымдастыру сұрақтары бойынша келесі телефондарға хабарласуға болады: 8 (7172) 695292, 695280, 695096, 695287, 695071 (198, 186, 132, 193, 171).

Директор

Б. Абдрасилов

*Орынд.: Н. Туткабаева
Тел.: 8-(7172)-695071*

2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы ҚР Заңының 7-бабы 1 тармағына сәйкес қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған. Осы құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года № 370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе

